

А.Б. Никамбекова¹, М.М. Манасова^{2*}

¹Е.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*e-mail: miramanassova@mail.ru

ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДӘРІПТЕУДІҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫНА КОНТЕНТ ТАЛДАУ

Мақалада XX ғ. I жартысындағы қазақ интеллектуалдарының мұралары мен ғылымның дәріптелу жағдайын анықтаған сандық контент талдау нәтижелері көрсетіледі. Зерттеудің мақсаты Алаш интеллектуалдары мен ғылымның дәріптелу мәдениетінің деңгейін анықтау, сандық деректер арқылы дәріптелу көрсеткішін көрсету. Қазақстандағы мәдениеттану ғылымында контент талдау әдісі арқылы мәдени құбылыстарды қарастырған зерттеулер әзірге жоқ. Сол себепті мақаладағы нәтижелер қоғамдағы мәдени өзгерістерді анықтауда өзекті. Бұл әдістің көмегімен қоғамдық сананы қалыптастыратын ақпарат көздерінің жұмысы анық көрінеді. Мақаланың ғылыми құндылығы мәдени дамудың тәжірибелік құбылысы ретінде көш бастаған зиялыларды бағалай білу және ғылымды кеңірек насихаттау күнделікті ақпарат ретінде қоғамға таратылу тепе-теңдігін нақты дәлелдейді. Нәтижелер бұқаралық мәдениет пен интеллектуал мәдениеттің арасындағы үлкен айырмашылықтарды көрсете алды. Ақпарат кеңістігінде қазақ интеллектуалдарының мұралары мен ғылымдағы жаңалықтарды дәріптеу сандық деректерді жинау арқылы жүйеленген білімді қалыптастыру үшін, қоғамдағы мәдени өзгерістердің динамикасын бақылау үшін қолданылады. Зерттеу деректері отандық интернет сайттарынан алынды. Қазақ халқының ортақ мұраты болған тәуелсіздікті жақындатқан алаш интеллектуалдарының мұраларының және ғылымның дәріптелуін ашық мәселе етіп көрсетеміз. Зерттеу жұмысымыз одан ары жалғасын мазмұнды талдау арқылы табатын болады.

Түйін сөздер: XX ғ. қазақ интеллектуалдары, алаш зиялылары, ғылым, білім, дәріптеу мәдениеті.

A.B. Nikambekova¹, M.M. Manassova^{2*}

¹L.N. Gumilev Eurasian University, Astana, Kazakhstan

²Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

*e-mail: miramanassova@mail.ru

Content analysis of the current state of popularization of science and cultural heritage of Kazakh intellectuals

The article reflects the results of the analysis of digital content, which revealed the legacy of Kazakh intellectuals in the first half of the twentieth century and the state of popularization of science. The purpose of the study is to determine the level of culture of popularization of science and intellectuals of Alash, to demonstrate the indicator of popularization using quantitative data.. There are no studies in cultural studies in Kazakhstan that would consider cultural phenomena using the content analysis method. Therefore, the results of the article are relevant in determining cultural changes in society. With the help of this method, the work of information sources forming public consciousness is clearly visible. The scientific value of the article As an experimental phenomenon of cultural development lies in the fact that the ability to appreciate intellectuals who lead, and the popularization of science in a broader sense, convincingly proves the balance of dissemination in society as everyday information. The results were able to show great differences between popular culture and intellectual culture. Popularization of the heritage of Kazakh intellectuals and discoveries in science in the information space is used to form systematic knowledge through the collection of digital data, to monitor the dynamics of cultural changes in society. The research data was obtained from domestic Internet sites. We show that the popularization of science and the heritage of Alash intellectuals, who brought independence closer, which was the common ideal of the Kazakh people, is an open question. Our research work will be continued through content analysis.

Key words: Kazakh intellectuals of the twentieth century, Alash intelligentsia, science, education, culture of popularization.

А.Б. Никамбекова¹, М.М. Манасова^{2*}

¹Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

*e-mail: miramanassova@mail.ru

Контент-анализ современного состояния популяризации науки и культурного наследия казахских интеллектуалов

В статье отражены результаты анализа цифрового контента, выявившего наследие казахских интеллектуалов в I половине XX в. и состояние популяризации науки. Целью исследования является определение уровня культуры популяризации науки и интеллектуалов Алаш, демонстрация индикатора популяризации с помощью количественных данных. В культурологии Казахстана пока нет исследований, в которых рассматривались бы культурные явления с помощью метода контент-анализа. Поэтому результаты статьи актуальны при определении культурных изменений в обществе. С помощью этого метода отчетливо видна работа источников информации, формирующих общественное сознание. Научная ценность статьи Как экспериментального феномена культурного развития заключается в том, что способность ценить интеллектуалов, которые лидируют, и популяризация науки в более широком смысле убедительно доказывает баланс пространства в обществе как повседневной информации. Результаты смогли показать большие различия между массовой культурой и интеллектуальной культурой. Популяризация наследия казахских интеллектуалов и открытий в науке в информационном пространстве используется для формирования систематизированных знаний посредством сбора цифровых данных, для наблюдения за динамикой культурных изменений в обществе. Данные исследования получены с отечественных интернет-сайтов. Мы показываем, что популяризация науки и наследия алашских интеллектуалов, которые приблизили независимость, которая была общим идеалом казахского народа, является открытым вопросом. Наша исследовательская работа будет продолжена через качественный контент-анализ.

Ключевые слова: казахские интеллектуалы XX в., интеллигенция алаш, наука, образование, культура популяризации.

Кіріспе

XX ғасыр екі бірдей дүниежүзілік соғыс, саяси қақтығыстар, ядролық қарудың пайда болуы, империялардың жойылуы, ғылыми техникалық революция, ғарышты игеру сияқты әлемдік жойқын оқиғалармен белгілі адамзат тарихындағы ерекше кезең. Қазақ халқы үшін XX ғ. зұлмат қасіреттерге толы және зиялылар қауымының ерекше белсенділігімен тарихта орын алды. Өткен ғасыр басындағы қазақ оқығандары қазақ ғылымының негізін қалап кетті. Қазақ қоғамындағы саяси-тарихи өзгерістер саяси элитаның қалыптасуында маңызды рөл атқарған болатын. Тәуелсіз ел болуды армандаған қазақ интеллектуалдары өз мұраларында оқу-білімді барынша насихаттаған еді. Ал бүгінгі уақытта ғылым-білім жеткілікті түрде насихаттала ма, жоқ па оны анықтау қиын емес. XX ғ. басындағы зиялы қауым өкілдерінің мұралары мәдени өміріміздегі орнын білуде контент талдау әдісі дәл көрсеткіштерді бере алады. Қазақ интеллектуалдарының ішінде ең көп дәріптелетін тарихи тұлға – Абай Құнанбайұлы. Білім-ғылым тақырыбын дәріптеу мәдениетіне өз заманында Абайдың шығармашылығы жаңа серпін берген. Алаш

интеллектуалдары хакім Абайды мақалаларында жиі дәріптегенін білеміз. Қазақ қоғамында XX ғ. басында оқыған адамдарға ерекше міндеттер жүктелді. Халел Досмұхамедұлы «Қазақ әлеуметшілдігін өткенін жөндеп түсініп, әзіргі қалпын анық көріп, кемісін болжай білу – көп қазаққа көз болған, мәдениет жолына көшбасшы болған, «молдаға оқып тәрбие алған, ордаға кіріп жол көрген» оқыған зиялыларымыздың міндеті» деген (Досмұхамедұлы Х., 1998:110). Сол заманда оқыған азаматтар бірнеше саланы меңгере отырып саяси қызметте белсенділік көрсетті.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін зиялыларымыз бен ғылымды дәріптеуге мол мүмкіндік алдық. Қазіргі Қазақстанда интеллектуалдар мен ғылымның дамуы аз насихатталады деген пікірлер қоғамда жиі айтылып жүр. Оның орнына әнші, әртіс, әзілкеш, блогер, той-томалақ, ток-шоу сияқты мезеттік көңіл көтеретін ақпараттар дәріптеу мәдениетінде әдеттегі құбылысқа айналғанын байқаймыз. «Ұлттық бірегейлік», «тарихи жады», «мәдени код», «ұлттық код» ұғымдары туралы мемлекет деңгейінде жиі айтылып жүргенмен, шын мәнінде ақпарат алаңын шоу-бизнес әлемі мен жалған ақпараттар легі

басып кеткендігін байқау қиын емес. Қазақстан экономикасы мықты, мәдениеті жоғары елге айналуы мәдениетті дамытудан басталады. Жаһандану үрдісінде қазіргі таңда «мәдени мазмұн» деген тұжырымдар бар. Мемлекеттік құрылымдардың даму факторы мәдениеттің мазмұнын жасаушы интеллектуал қауымының өндіргіштігін және ғылымға деген қызығушылықты арттыру үшін дәріптеледі. Сол себепті мақаламызда дәріптеу мәдениетін зерттеуді қолға алдық. Үлкен көлемдегі ақпарат толқынын бақылауға өте ыңғайлы әдіс ретінде сандық және сапалық контент талдаудың нәтижелерін бақылау өте тиімді әрі зерттеу барысы қызықты болып келеді. Қазақ интеллектуалдары мен ғылымды насихаттау жағдайын бақылауға контент-талдау арқылы жетуге тиімдірек деп есептейміз. Сандық контент-талдау қалыпты логикаға сүйенген аналитикалық әдістен гөрі шынайылықты көрсетеді.

Әлеуметтанушы Пашинян И. А. «Құрылымы күрделі және жүйеленбеген мәселелерді шешудің маңызды ақпарат көзі-мазмұнды талдау немесе сандық талдау» деген пікіріне толықтай қосламыз (Пашинян И., 2012). Қазақ зиялылары мен ғылым туралы әлеуметтік коммуникацияларын анықтауға мүмкіндік береді. Белгілі бір тақырып шеңберінде жүйелілік, нақтылық болмаса және өзгермелі көрсеткіштер мен дәлелсіз болжамдар қате нәтижелерді береді. Сол үшін мерзімі, жиілігі, сапасы, мазмұны анықталатын сандық мәліметтер керек. Контент-талдау әдісі бір жылда қазақ интеллектуалдары және қазақ ғылымы жайлы қанша ақпарат болса соның барлығын толық зерттеуге мүмкіндік береді. Интеллектуалдардың шығармашылығы мен ғылымға қызығушылықты ояту төл мәдениетімізді жақсырақ тануға, өзгерістерге дайын болуға және мәдениеттің дамуын жылдамдатады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында еліміздегі ақпарат кеңістігінің «мәдени мазмұны» жүйелі, сабақтасқан немесе жүйеленбеген, шашыраңқылығы туралы сұрақтарға жауап іздейміз. Оның ішінде елдік мәдениеттің дамуына бар өмірін арнаған XX ғ. интеллектуалдарының еңбегі бүгінгі күні қаншалықты дәріптелетіндігін анықтауға тырыстық. Зерттеу аралығы 2023 жылды қамтиды. Зерттеу аймағына жаңалық сайттары, баспасөз әлемі, БҒСБК журналдарындағы ғылыми мақалалар, Scopus базасындағы журналдар, медиа,

интернет ресурстар таңдалып алынды. Мақаланың мақсаты тақырып бойынша табылған ақпараттардың санын анықтау, әрі дәріптелу деңгейін зерттеу. Әлеуметтік желілер коммуникация мен дәріптеудің жылдам ақпарат таратудың көзі. Сол себепті мәдени өзгерістер мен перспективаларды анықтауда өте тиімді контент ретінде Facebook, Youtube желілері таңдалды. Контент талдау әдісі қоғамның интеллектуалдар мен ғылым мәселелеріне қызығушылығы қандай деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен қатар зерттеу жұмысына қажетті мәліметтерді іздеу қазақ, орыс, ағылшын тілінде жүргізілді. Зерттеулер нәтижесінде алынған қорытындыларды диаграмма, кесте құру арқылы көрсеттік.

Зерттеу процесінде бірнеше бағытта жұмыс жасалынды. Контент талдаудың жұмыс жоспары құрылды. Жұмыс барысын жоспарлағаннан кейін зерттеу әдісі анықталып, бағыттар айқындалды. Мақаладағы негізгі міндеттер түрлі ақпарат құралдарындағы интеллектуалдар мен ғылым мәселесінің сандық талдау қорытындыларын жалпылау, жүйелеу, болашағын болжау, зерттеу әдістерін біріктіруге тырысу және біртұтас нәтиже шығару. Сонымен,

- біріншіден, қандай ақпарат көздерін зерттейтініміз таңдап алынды. Алдымен, жалпылама интернет сайттарына шолу жасадық. Нәтижесінде жарияланымның жиілігі мен ақпарат таратудың жылдам көздерін қолдануды жөн деп шештік.

- екіншіден, хронологиялық шеңберді таңдау. Зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде 2021-2024 аралығын алып көрдік. Пандемия салдарынан 2022 жылға дейінгі көрсеткіштер өте төмен болғанын анықтағаннан кейін, тек 2023 жылды қарастыруды жөн көрдік.

Мақаланың мақсаты – қазақ интеллектуалдары мен ғылым тақырыбының дәріптелу жағдайын сандық көрсеткіштермен талдау жасау болғандықтан, 2023 жылы жарияланған тақырыпқа байланысты ақпараттардың тізімі жасалды әрі іріктелді. Мақала тақырыбына қатысты мыңдаған мәліметтерді жинақтау, зерттеу нысанын таңдау, жүйелеу, бөлу, салыстыру сияқты жұмыстар үнемі өзгеріске ұшырап және толықтырылып отырды. Мәселен, біз таңдап алған кейбір газеттерде 2023 жылға қарағанда 2024 жылы Алаш интеллектуалдары тақырыбына көп мақала жарияландығын көрдік.

Ақпараттарға шолу жасау сандық деректерді жүйелеуді көрсетеді. Зерттеу жұмысына ғылыми жобалар, докторлық, магистрлік диссертация

циялар, монографиялар, кітаптар, конференция материалдары, хабарландырулар мен әр түрлі есеп баяндамалары, жарнамалар алынбады. Өйткені, аталған жұмыс нәтижелерінің жарияланым статистикасында сәйкессіздік болуы заңды. Ал үздіксіз жарияланымға ие зерттеу нысаны білім және ғылым комитеті бекіткен журналдар, Scopus базасындағы журналдар, мерзімді басылымдар, телеарналар, әлеуметтік желілер, интернет контенттер алынды. Солардың ішінде оқылымы мен қаралымы жоғары контенттер іріктелді.

Олар: 1. Мерзімді басылымдар:

- «Жас алаш» республикалық газеті, таралымы 26000 дана
- «Түркістан» халықаралық саяси апталық газеті, таралымы 5762 дана
- «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті, таралымы 40000 дана
- «Казахстанская правда» жалпыұлттық республикалық газеті, таралымы 50023 дана
- «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы.

2. БҒСБК бекіткен импакт факторы жоғары ғылыми журналдар: «әл-Фараби» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы, әл Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ хабаршысы бойынша деректерді жинау бағыты тарих, филология, философия, мәдениеттану, әлеуметтану, дінтану, саясатта-

ну, шығыстану, педагогика, психология, құқық, экономика сериялары бойынша жүргізілді. Мақалалар XX ғасыр зиялылары, А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейхан, Алашорда, алаштану, интеллигенция, интеллектуал, жәдидшілік, саяси элита, ғылым, ғылыми жаңалықтар, ғылымды дамыту кілтсөздері бойынша іздестірілді.

3. Scopus рецензияланған ғылыми әдебиеттердің біртұтас библиографиялық базасы.


4. Медиа құрылымдар: «Qazaqstan», «АВАІ TV», «Хабар», «Жібек жолы», «КТК» телеарналары.

5. Жаңалық сайттары: тенгриныйс, информбюрокз, спутник, 24kz, казинформ.

6. Әлеуметтік желілер: youtube желісінде қазақ интеллектуалдары мен ғылым мәселесін дәріптеп бастаған қазақ тілді контенттер жақсы дамып келеді. Олар: «Дөпсөз», «Байтасовлайф», «Инфакториал», «Тарих Марих» «Красная юрта», «Narikbi LIVE» және т.б. Facebook, Instagram желілерінде жас зерттеуші ғалымдардың, журналистердің жеке парақшалары болмаса, үлкен контент парақшалар жоқ екенін білдік.

Нәтижелер

Контент талдаудың 2023 жыл бойынша алынған жалпы нәтижелері төмендегі диаграммада көрсетілген.



1-сурет – Сандық талдаудың жалпы көрсеткіштері.

Баспасөз беттеріндегі зерттеу нәтижелері анықталды. 2023 жыл бойынша контент талдау жасауға таңдалып алынған баспасөз беттерінде шамамен 160000-ға жуық мақалалар жарияланған. Соның ішінде зерттеу тақырыбына байланысты жарияланымдардың саны барлығы – 64 [2-сурет]. Ең беделді деген басы-

лымдардың өзінде саяси, әлеуметтік, халықаралық, қауырт мәлімдемелерге толы. Бүгінде газет, журнал көп болғанмен олардағы сандық деректерге қарап XX ғ. шыққан «Қазақ» пен «Айқап» газеттері сияқты ел мұның, тілегін, қажеттілігін өтей алмай отырғанын байқаймыз.



2-сурет – Баспа беттеріндегі мақалалар саны.

БҒСБК журналдарындағы нәтижелер төмендегідей. Адам әлемі – 1, Әл Фараби – 1; ҚазҰУ хабаршысы – 12; ҚарМУ хабаршысы – 9; ЕҰУ хабаршысы – 12 [1-кесте]. Scopus базасындағы журналдарда 2008-2024 ж.ж. аралығында мақаламыздың зерттеу тақырыбына байланысты жалпы 21 мақала жарияланған екен. Соның ішінде 2023 ж. тиесілі мақала жоқ [https://www.elsevier.com/products/scopus, 2023]. Ғылыми рейтингі жоғары журналдарда зерттеуіміз бойынша мақалалардың аз болуы себеп-салдарлық байланыстарды тексеруді талап етеді. Ғалымдардың жеке зерттеулері немесе мекемелердің ұжымдық

еңбектері дәріптеу мәдениетінің бағытын, тенденцияларын анықтайды. Зерттеу сұрағымызға елеулі әсер еткен материалдар ғылыми журналдардағы мақалалардың санының динамикасы әр алуан. Оның басты себебі ғылыми рецензияланған журналдар сапаға жұмыс жасағандықтан жылына тек 4 рет жарияланым болатындығында. Академиялық үлгімен жазылған мақалалар қазақ интеллектуалдары мен ғылымды дәріптеу бағытында нақты шешімдер, мәселелер, қажеттіліктерді тереңнен қарастырады. Ерекшеліктері мақалалардың барлығы қазақ және ағылшын тілінде жазылғандығы анықталды.

1-кесте – БҒСБК журналдарында жарияланған мақалалар

№	Журнал атауы	Мақала саны	Мақала атауы
	Адам әлемі	1	А.Шағырбай, Н. Мейманхожа «А. Құнанбайұлы және М. Көпейұлының көзқарастарындағы діни идеялар» Том 97, №3 (2023)
	Әл Фараби	1	Г. Нұрадин, Д. Жанабаева «Жастардың отбасылық өмірі: Абай мұрасы аясында философиялық талдау» Том 83, №3 (2023)

№	Журнал атауы	Мақала саны	Мақала атауы
	ҚазҰУ хабаршысы	12	
	Филология сериясы	А. Тоқтарбекұлы, Ө. Сайшанұлы «Қытай қазақтарының жазу тарихы және Абай шығармаларының әсері мен ықпалы» Том 190, № 2 (2023)	
		Ш. Құрманбайұлы «Әлихан Бөкейхан және кітап сыны» Том 190, № 2 (2023)	
		Р. Сейдахметова, К. Каримова, Г. Қожбаева, Ш. Саймқұлова «Имандылық», «имансыздық» этикалық концептілерді контрастивтік-салыстырмалық этико-лингвоэкологиялық және когнитивтік тұрғыдан қарастыру әдісі (Абайдың шығармаларының материалында) Том 191, №3 (2023)	
		А. Алпысбаева, С. Әшімханова, К. Жұмағали, С. Ескендірова «Мәдени-айрықша атаулардың қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылуы (М. Жұмабаевтің «Түркістан» өлеңі негізінде)» Том 192, №4 (2023)	
	Тарих сериясы	Е. Тұрғынов, К. Коч, Ж. Абитова «Бейімбет Майлин оқу құралдарындағы мәтіндердің көркемдік және ағартушылық ерекшеліктері» Том 192, №4 (2023)	
		М. Исаев, Г. Батырбекқызы, А. Байғапанова «Нәзір Төреқұловтың тұлға ретінде қалыптасуы: Мәскеу коммерциялық институтында оқыған жылдары» Том 109, №2 (2023)	
	Тарих сериясы	Д. Шарипова, С. Кобжанова, М. Келсінбек «Отан тарихының қасіретті беттерімен қайта таныстыру: Алаш Орда қайраткерлерінің қазіргі Қазақстанның көрнекі мәдениетіндегі бейнелері» Том 109, №2 (2023)	
		Б. Темирханов, С. Абжалов «Абайдың отыз сегізінші қара сөзі желісінде діни сауаттылық мәселесі» Том 35, №3 (2023)	
	Дінтану сериясы		
	Құқық сериясы	Ш. Забих, К. Забих «Жаханша Досмұхамедовтың саяси-құқықтық көзқарастары мен Алаш зиялыларының еңбегінде құқық үстемдігін қамтамасыз ету» Том 107, №3 (2023)	
	Шығыстану сериясы	З. Искакова «Қазақ және үнді мәдениетінің ұлы өкілдерінің (Шәкәрім, Иқбал) шығармашылық мұраларындағы діни-философиялық контекст» Том 104, №1 (2023)	
		Ө. Сайшанұлы «Қазақ әдебиетінің Қытай тіліне аударылу жағдайы және Абай шығармаларының аударылуы» Том 106, №3 (2023)	
	ҚарМУ хабаршысы	9	
	Тарих және философия сериясы	С. Жұматай, С. Қабылтаева «XX ғ. басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Шаймерден Қосшығұлұлының қызметі және атқарған рөлі» Том 109 №1 (2023)	
		Қ. Абдрахманова, Қ. Бөдеев, С. Аралбай, А. Ахатова «Жезқазған мыс алыбын игеру тарихындағы Ө. Ә. Бөкейхановтың қызметі»	
		Қ. Аубакирова, З. Кәрімхан «Алаш идеясы және империализм»	
		Б. Бутеев Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қазақ» құтты болсын!» өлеңі: тарихи рөлі мен маңызы	
		Н. Елкей, Т. Садықов «Алаш қозғалысының қайраткері Хайретдин Болғанбаев: тарихтағы жеке тұлғаның рөлі»	
		А. Шалдарбекова, Т. Тұмашбай, Р. Кемербай «Мағжан Жұмабаев шығармашылығының философиялық аспектілері»	
		С. Касимова, К. Темиргалиев, Б. Нұғман, Н. Смагулов «Сәкен Сейфуллин және қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу» Том 111 №3 (2023)	
		Д. Нурбаева, З. Дуkenбаева «Ұзақбай Құлымбетов Қазақ АКСР Халық Комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары қызметінде» Том 112 №4 (2023)	
		А. Қожахмет, Г. Сыздықова «А. Байтұрсынұлы ғылыми мәтіндерінің дискурстық ерекшелігі» Том 110 №2 (2023)	
	Филология сериясы		

№	Журнал атауы	Мақала саны	Мақала атауы
	ЕҰУ хабаршысы	12	
	Тарих философия сериясы	Р. Сарманова, М. Қозыбаева, Х. Маслов «Ұлттық зиялы қауымның Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тыл жұмыстарына жұмылдырылған қазақтарға көмек ұйымдастыру жөніндегі қызметі» Том 144 №3 (2023)	
		Д. Асанова «Шындыққа ұмтылу- өмір сүру мен жазудың қозғаушы күші ретінде: Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнар Дулатованың өмірі мен мемуарлық шығармалары (1915-2013)» Том 145 №4 (2023)	
		З. Сураганова, Қ. Сарсембина «Алаш зиялылары жазған қара өлең: М. Жұмабаевтың халық жадындағы мұралары» Том 145 №4 (2023) тарих философия	
	Филология сериясы	С. Жүсіп, Р. Имаханбет, Г. Оспанова «Қырық мысал» жинағының жазылуы мен басылуы» Том 142 №1 (2023)	
		С. Қасқабасов, Ж. Карипбаев, А. Мырзабек «Бүгінгі фольклортану және Ахмет Байтұрсынұлының ауыз әдебиетін саралау ұстанымдары» Том 143 №2 (2023)	
		Қ. Сарекенова, А. Меліс. «Абай шығармаларындағы «жүрек» сөзінің мағыналық ерекшеліктері» Том 143 №2 (2023)	
		Г. Умарова «А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы басты кейіпкер бейнесі Абай қабылдауында: ақындардың стиліндегі психологизм» Том 144 №3 (2023)	
		Г. Сағынадин «Фольклордағы синкреттілік: жанр және термин (А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» негізінде)» Том 144 №3 (2023)	
		Ж. Аймұхамбет, Р. Мухажанова «Поэзия морфологиясы (Абай өлеңдері мысалында)» Том 144 №3 (2023) филология	
	Педагогика психология социология сериясы	Б. Оспанов «Нұртуған Кенжеғұлұлы шығармашылығындағы тәлім-тәрбие және Абай образының әсері»	
		А. Тулебаева, Г. Тұяқбаев «Т. Ізтілеуұлының ғибрат, насихат өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастар» Том 142 №1 (2023) педагогика психология социология	
	Саяси ғылымдар, аймақтану түркітану шығыстану сериясы	М. Адилев Ш. Құрманбайұлы «Абай шығармаларындағы қос сөздердің семантикалық ерекшеліктері» Том 144 №3 (2023)	
	Журналистика сериясы	С. Тапанова, А. Ұмбетова «М. Дулатұлының публицистикалық еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар» 142 №1 (2023)	

Жаңалық сайттары бойынша сандық талдау нәтижесін ұсынамыз. Еліміздегі жаңалық сайттарынан ең танымал деген 5 сайтты таңдап алған болатынбыз. 2023 жылы әр сайтта күніне 30 жаңалық салынса жылына шамамен 10950 жаңалық беріледі. «Тенгриный» жаңалық сайты басқа сайттардан сан жағынан көп болғандығы күмән тудырды. Сол себепті сапалық контент анализ жасау қажеттілігі туындайды. Жоғарыдағы диаграммада ең пайыздық үлесі жоғары болып тұрғанмен шамамен 10950 жаңалықтың 111-і ғана қазақ зиялылары мен ғылым мәселесі бойынша, ал сапалық жағынан келсек 111 жаңалықтың 10-ы ғана нақты интеллектуалдар мен ғылым туралы болып отыр. Қалған 101-і мемлекет басшысының тапсырмалары, кездесулер,

жоспарлар сияқты хабарламалар болып шықты. Бұл барлық жылдық жаңалықтың 1%-на да жетпейді [3-сурет]. Жаңалық сайттарына шолу жасаудың бастапқы кезеңінде мемлекеттің мәдени идеологиясы қалай жүргізілетіні туралы жалпы түсінікті қалыптастыру қиындық туғызды. Қоғамның күнделікті ақпаратты тұтыну мәдениеті сападан гөрі жылдамдықты басты орынға қояды. Интернет сайт жаңалықтары неғұрлым тәуелсіз болғандықтан терең ой-сана қалыптастыратын ақпараттарды назарға алмайтыны байқалады. Ғылымды дәріптеуге келгенде жаңалықтың атауы бірден көз тартқанмен шынында мардымсыз болып шығады. Ұлттың интеллектуалды мәдениетін дамытуда жаңалық таратушы сайттардың үлесі көп. Төмендегі диаграмманы қараңыз.



3-сурет – Жаңалық сайттары бойынша зерттеу нәтижелері

Медиа бойынша нәтижелер. Қазақстан ұлттық телеарнасында «Парасат майданы» атты бір ғана бағдарлама бар. «КТК», «Жібек жолы», телеарналарында ХХ ғ. зиялылары мен ғылым туралы бірде-бір бағдарлама жоқ. «Хабар» телеарнасында «Startup kz» технологиялық стартап-жобалар жайлы, «Культурный контекст» мәдени-танымдық атты екі бағдарлама бар. Осы телеарнада 2022 жылы «Алаш-история степного интернационала» бағдарламасы болған екен, өкініштісі 4 хабардан кейін токтатылған. 2024 жылдың сәуір айынан бастап «Неосеть» ғылыми танымдық бағдарлама көрсетіле бастады. Абай твда «Ашық академия», «Сана», «Абайдың жолы», «Дәуір даналары» атты төрт бағдарламалық жобалар бар. Осы жылдың ақпан айынан бастап «Ғылым айнасы» және «Технократтар талқысы» атты екі бағдарлама көрсетіле бастады [медиа сайттар, 2023]. Бұқаралық ақпарат құралдарында зерттеу жұмысымызға қатысты өсу, даму, тоқыраудан гөрі әлі де қалыптасу кезеңінде екені көрініп тұр. Медида ғалымдар немесе журналистер тарапынан пікірталас мүлдем жоқ. Қазақ ғылымының дамуын насихаттайтын оған сын көзбен және мемлекеттік мәселе ретінде сыни көзқарас тұрғысынан талдауға, дискурсивті диалог жүргізу қалыптаспаған. Ғалымдардан сұқбат алу тек өмірбаяндық түсірілім жасаумен шектеледі. *Әлеуметтік желілер:* Youtube: «Дөпсөз» 88 мың жазылушы, 275 түсірілім, «Байта-совлайф» 122 мың жазылушы, 373 түсірілім, «Инфакториал» 156 мың жазылушы, 487 тү-

сірілім, «Тарих Марих» 180 мың жазылушы, 70 түсірілім, «Красная юрта» 30,7 мың жазылушы, 88 түсірілім бар, «Narikbi LIVE» 70,8 мың жазылушы, 213 түсірілім. [https://podcast.kz/e/rsZ, 2023]. Facebook, Instagram желісінде көпшілікке ұсынылған танымал контенттер әзірге жоқ болып шықты. Көпшілік қолданатын әлеуметтік желілерде өте аз дәріптелген. Әлеуметтік желіде сапасы төмен контенттер болса, баспасөз, медиа әлемінде теориялық-ғылыми интерпретация жасалынбаған, көп жағдайда баяндау әдісі байқалады. Интернет ресурстардағы қазақ интеллектуалдары мен ғылым тақырыбын дәріптеу мәдениеті халықтың психологиялық немесе эмоционалды жағдайын көрсете алды. Youtube желісіндегі подкасттарда алаш қайраткерлері мен қазақ ғылымының болашағы туралы жеке-леген пікірлерді көптеп ұштастырдық. Ондай пікірлерді зерттеу нәтижесі ретінде қарастыра алмаймыз, әйтсе де бұл да дәріптеу мәдениетінің бір бөлшегі. Сандық талдау көп мәселелердің бір ұшына жалғаса беретінін көрсетті. Соның бірі халықтың жасырын эмоциясы Алаш қайраткерлерін ұлықтауға күштар, елдің тағдырын озық елдермен салыстыруға әуес. Бұл жерде дәріптеу мәдениетінің динамикасының алғышарттарын байқаймыз. Болашақты бағдарласақ әлеуметтік желілерде жиі айтылған пікірлерден жақын жылдарда қазақ зиялыларын әңгімелеу деңгейінен жоғары ғылыми тұжырымдарға сүйенген дәлелді дәріптеу мәдениеті қалыптасады.

Түйіндеме

Қазақстандағы ақпарат әлемінің 2023 жылғы сандық талдау көрсеткіштері бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- қазіргі жағдайда XX ғ. интеллектуалдары және ғылым тақырыбы маңызды мәселе ретінде есептелмейді;
- тақырып бойынша мемлекеттік идеология, жоспар, бағыттар айқын емес;
- жүйелі зерттеулер мен жарияланым, ақпарат тарату жиілігі және дәріптеу мәдениеті қалыптаспаған;
- ақпараттардың басым бөлігі танымдық немесе ағартушылық бағытта емес. Көп жағдайда қысқаша шолулар мен мемлекет басшысының тапсырмалары;
- сандық талдау көрсеткіштері 1% дан төмен;
- ғалымдар, журналистер, сарапшылар арасында үлкен дискуссиялар жоқ;
- қоғамдық-саяси газеттер, мәдени іс-шаралар ғылыми зерттеулерге сүйенбейді;
- жалпы ақпарат әлемінде елдегі тосын оқиғаларға басымдық беріледі, әралуандық, өзгешелік, түрлендіру, жүйелілік, жинақылық жоқ десе де болады. Көп жағдайда жиі қайталанатын баспана, инфрақұрылым, қаржы тақырыбы мен сенсация жасау, жеңіл-желпі мағынасыз мәселелер (жанжал, көлік апаты т.с.с), асыра сілтеушілігі басым ақпараттар көп.

Ұсыныстар

- тәуелсіздік жолында күрескен қазақ интеллектуалдарын дәріптеудің өзектілігін дәлелдейтін бағдарламалар, жобалар құрылса;
- ғылымды насихаттау жағынан өте төменгі көрсеткіштердің бар екендігіне билік тарапынан назар аударылса;
- ғалымдар, журналистер, редакторлар, сарапшылар, медиа қызметкерлері арасында сауатты дискуссиялар болатындай жағдай жасалуы қажет;
- интернет ресурстарда жеңіл-желпі ақпараттардың орнын күрделі тақырыптармен алмастыру;
- ғылыми коммуникация орнату, яғни ақпарат таратушы көздердің ғалымдардың зерттеулерін дереккөз ретінде көрсету.

Қорытынды

Мақалада көрсетілген зерттеу нәтижелері сандық талдау арқылы жүзеге асқандықтан ары

қарай сапалық талдауды қажет ететіндігін дәлелдеп берді. Қазақ ғылымының даму белесі әрқилы. Оған салыстырмалы сандық әрі сапалық зерттеулер қатар жүргізілгені абзал. Тек статистикалық айғақтар нақты шынайы ақпарат беруге қауқарсыз. Мысалы қазақ баспасөздеріндегі ұлт зиялылары туралы мақалалардың өте аз екендігіне көзіміз жетті. Алайда, «сырт көз сыншы». Ресей тарихшысы В. Рынков В. И. Козодойдың «Алихан Букейханов: человек-эпоха» кітабына жазған рецензиясында былай дейді: «Қазіргі Қазақстанда бұл саясаткерге табынушылық бар. Қазақстан тәуелсіздік алған 30 жылдан астам уақыт ішінде «Алаш» қозғалысына қатысты бұрын-соңды болмаған кітаптар, зерттеулер, деректер, анықтамалар жарық көрді» (Козодой В., 2021:15). Кітаптар мен монографиялардың шыққаны белгілі, бірақ ресейлік тарихшы айтқандай соншалықты көп деп айтуға келмейді. Бұл жерде біз басқа мәселені көреміз. Қазақ халқы әлі де болса ауызша тарих айтуға құмар. Мыңдаған жылдар бойғы фольклорлық сана мәдени таным жүйесінде бекіген. Одан бөлек халықтың көңіл-күйі, тарихқа құмарлығы іс жүзінде болмаса да, Алаш интеллектуалдарын құрмет тұтуы мәдениеттің басқа қарым-қатынас түрінде дәріптеледі. Мысалы ескерткіштер орнату, өмірбаяндық зерттеулер, ұрпақтарын іздеу, тұрған ауылын көрсету, ғылыми конференцияларда жиі сөз ету және т.б. Әр саланы зерттеу кезінде ерекшеліктер байқалады. Жоғарыда баспасөз, медиа, жаңалықтар әлеміндегі қазақ интеллектуалдары мен ғылым мәселесі қаншалықты жиі көрсетілді деген сұраққа сапалық талдау көбірек қажет ететіндігін түсіндік. Ал ғылыми журналдарда сандық контент талдау жеткілікті. Ғылыми журналдар нақтылыққа бағытталғандықтан сапалық талдауды аса қажет ете бермейді. Отандық интеллектуалдар мен ғылымды дәріптеу жаңа серпіндегі өзгерістерге жақынатады. Қоғамдық сана ақпараттық әлеммен күнделікті байланыста. Контент талдау нәтижесінде 2024 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір айларында қазақ зиялылары мен ғылым мәселесін 2023 жылмен салыстырғанда дәріптелу мәдениетіндегі жиілік динамикасын байқадық.

Мәдениеттің жетістіктерін дәріптеу надандықты жоя алады. Мәдениет көзге көрінбейтін күшке ие. XX ғ. интеллектуалдары мен ғылымды дәріптеу мәдениеті бір жүйеге түссе Қазақстанды прогресске жетелейді. Халықтың рухани мәдениетін дамытуға күш салатын ақпарат көздерінің орны өзгерді. XX ғ. газет, журнал, теле-

дидар, радио ең басты ақпарат таратушы күшке ие еді. Қазір әлеуметтік желілер басты орынға шыққанмен, логикалық тұрғыда қазақ интеллектуалдарын жиі дәріптейтін газет журналдар. Электронды нұсқада газет-журналдардың барлық сандарымен танысуға болады. Зерттеу санатындағы барлық материалдарда уақытқа сай тенденциялардың өзгермелілігі болады. Мерейтойлар қарсаңында алаш қайраткерлеріне қатысты мақалалар жиі ұшырасады. Алынған нәтижелерді мәдениеттегі құбылыстармен түсіндіру өте маңызды. Бұл ел ішінде бірлік бар екендігіне дәлел. Контент талдаудың дәлдігі статистикалық стандарттарды жіктеп бөлуге мүмкіндік береді. Дәріптеу мәдениетіндегі заманауи тенденциялардың алғышарттары үлгі,

естелік, афоризмдер арқылы күнделікті халықтың тұрмыс-тіршілігінде, коммуникациясында жекелеген элементтері кездеседі. Мақалада пайдаланған зерттеу әдісі арқылы ұлттық мүддені көздейтін кез келген пайдалы ақпараттың дәріптелу ретіне қарай көптеген тұжырымдар шығатынына көзіміз жетті. Әлеуметтік-демографиялық үрдістің тұрақсыздығы да дәріптелу мәдениетінің әлі де бір жүйеге түсе алмауымен байланыстылығын көруге болады. Әйткенмен қоғамдық сананың деңгейін өсіретін ғылыми зерттеулер, деректі фильмдер, жүйеленген ақпараттар болып табылады. Ұлт зиялыларының мұраларын дәріптеу қазақ мәдениетіне әкелетін оң өзгерістердің ең ықпалды факторының бірі.

Әдебиеттер

- Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы / Досмұхамедұлы Х. -Алматы: Ана тілі, 1998. -384 бет
- Пашинян И. А. Контент-анализ как метод исследования: достоинства и ограничения // И.А. Пашинян. [Электронды ресурсы] URL:https://www.researchgate.net/publication/286253695_Kontent_analiz_kak_metod_issledovania_dostoinstva_i_ogranichenia (қаралған күні: 23.05.2024)
- Баспасөз сайттары / Баспасөз сайттары: [Электронды ресурсы] URL: <https://zhasalash.kz/> <https://aikyn.kz/> <https://turkystan.kz/> <https://kazpravda.kz/r/ekonomika/> <https://aikyn.kz/> (қаралған күні: 6.05.2024)
- Ғылыми басылым сайттары/ Ғылыми басылым сайттары: [Электронды ресурсы] URL: <https://buketov.edu.kz/ru/page/bulletinhttps://www.kaznu.kz/ru/17296/page> <https://enu.kz/ru/page/science/scientific-publications/scientific-journals>, <http://www.alfarabijournal.org/> <https://www.elsevier.com/products/scopus>
- Жаңалық сайттары / Жаңалық сайттары [Электронды ресурсы] URL:<https://tengrinews.kz/> <https://ru.sputnik.kz/> <https://informburo.kz/> <https://24.kz/ru/> <https://www.inform.kz/>
- Медиа сайттары / Медиа сайттары: [Электронды ресурсы] URL:<https://qazaqstan.tv/> <https://abaitv.kz/> <https://www.ktk.kz/ru/live/> <https://khabar.kz/ru/programma/live> <https://jytv.kz/ru/live>
- Әлеуметтік желілер / әлеуметтік желілер [Электронды ресурсы] URL: https://podcast.kz/e/rsZ_XmTdRU, <https://www.youtube.com/playlist?list=PLqiTu7XWQ7jS8omTZeogmdbJ1fIdyJ56> https://www.youtube.com/@Red_Yurt <https://www.youtube.com/@NarikbiLIVE> https://www.youtube.com/@baitassov_live (қаралған күні: 16.08.2024)
- Козодой В. И. Алихан Букейханов: человек-эпоха / Козодой В. И. науч. ред. В. Демидов. –Алматы, 2021. -312 с.

References

- Dosmuhameduly H. (1998). Tandamaly [Custom]. Almaty, Ana tili [Kazakh].
- Pashinjan I.A. (2012). // Kontent-analiz kak metod issledovaniya: dostoinstva i ogranicheniya URL: https://www.researchgate.net/publication/286253695_Kontent_analiz_kak_metod_issledovania_dostoinstva_i_ogranichenia (accessed: 23.05.2024) (Content analysis as a research method: advantages and limitations) [Russian]
- Baspasöz sajttary. (2023). // URL: <https://zhasalash.kz/> <https://aikyn.kz/> <https://turkystan.kz/> <https://kazpravda.kz/r/ekonomika/> <https://aikyn.kz/> (accessed: 6.05.2024) (Press sites) [Kazakh].
- Gylmy basylm sajttary. (2023). // URL: <https://buketov.edu.kz/ru/page/bulletinhttps://www.kaznu.kz/ru/17296/page> <https://enu.kz/ru/page/science/scientific-publications/scientific-journals>, <http://www.alfarabijournal.org/> <https://www.elsevier.com/products/scopus> (Scientific publication sites)
- Zhañalyg sajttary. (2023). // URL: <https://tengrinews.kz/> <https://ru.sputnik.kz/> <https://informburo.kz/> <https://24.kz/ru/> <https://www.inform.kz/> (News sites) [Kazakh].
- Media sajttary. (2023). // URL: <https://qazaqstan.tv/> <https://abaitv.kz/> <https://www.ktk.kz/ru/live/> <https://khabar.kz/ru/programma/live> <https://jytv.kz/ru/live> (Media sites) [Kazakh].
- Aleumettik zheliier. (2023). // URL: https://podcast.kz/e/rsZ_XmTdRU, <https://www.youtube.com/playlist?list=PLqiTu7XWQ7jS8omTZeogmdbJ1fIdyJ56> https://www.youtube.com/@Red_Yurt <https://www.youtube.com/@NarikbiLIVE> https://www.youtube.com/@baitassov_live (accessed: 16.08.2024) (Social network) [Kazakh].
- Kozodoj V. I., (2021). Alihan Bukejhanov: chelovek-jepoha [Alikhan Bukeikhanov is a man of the epoch]. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Әсел Байзаққызы Никамбекова – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, философия кафедрасының докторанты (Астана, Қазақстан, e-mail: aselnb_86mail.ru);

Манасова Мира Манасқызы (корреспондент-автор) – PhD, философия және мәдениет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды, Қазақстан, e-mail: miramanassova@mail.ru).

Information about authors:

Asel Baizakovna Nikambekova – doctoral student of the Department of philosophy, E.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: aselnb_86mail.ru);

Manassova Mira (corresponding author) – PhD, Associate Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda Buketov University (Karaganda, Kazakhstan; e-mail: miramanassova@mail.ru).

Информация об авторах:

Асель Байзақовна Никамбекова – докторант кафедры философии Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: aselnb_86mail.ru).

Манасова Мира (корреспондент) – кандидат философских наук, доцент кафедры философии и теории культуры Карагандинского университета им. Букетова (Караганда, Казахстан; e-mail: miramanassova@mail.ru).

Поступила 10 февраля 2025г.

Принята 1 апреля 2025 г.